

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА

2025 жылғы 21 ақпан

№ AIFC-C/SCC/2024/0045 іс

Багисова Наталия Маратовна

Талап қоюшы

қарсы

- (1) «Project SI SPC Ltd» арнайы мақсаттағы компаниясы
(2) «Propportunity Management Company Limited» жеке компаниясы

Жауапкерлер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Лорд Баннер КС

БҰЙРЫҚ

- 1) Талап қанағаттандырылсын.
- 2) Осы арқылы 2023 жылғы 26 сәуірдегі № РЕРЕ-003/017 Шарттың тоқтатылғаны танылсын.
- 3) Жауапкерлер Талап қоюшыға 1 352 197 (бір миллион үш жүз елу екі мың бір жүз тоқсан жеті) теңге мөлшеріндегі соманы осы Бұйрық шығарылған күннен бастап 28 күн ішінде төлеу бойынша ортақ (солидарлық) жауаптылықта болсын.

ШЕШІМ

1. Осы талап арызбен Талап қоюшы Жауапкерлерден (оның айтуынша, өзара үлестес компаниялар болып табылатын) 2023 жылғы 26 сәуірдегі № РЕРЕ-003/017 Шарт («Шарт») негізінде 1 352 197 теңге сомасын өндіруді талап етеді. Аталған Шарт Талап қоюшы мен Бірінші жауапкер арасында жасалған.
2. Шарт Талап қоюшының қаражатын жылжымайтын мүлікке инвестициялау туралы болған. Талап қоюшының айтуынша, Бірінші жауапкер инвестиция сомасын жылжымайтын мүлік жобасы басталған сәттен бастап 14 айдан кешіктірмей қайтаруға міндеттенген, алайда бұл міндеттемені орындамаған. Осыған байланысты Талап қоюшы Екінші жауапкерге инвестициялау мақсатында аударған қаражатты қайтаруды, сондай-ақ Шартты тоқтатуды және сот шығындарын өндіру туралы бұйрық шығаруды талап етеді.
3. Талап АХҚО Соты қағидаларының 28-бөлігіне сәйкес берілген. Шартта көзделген дауларды шешу туралы ескертпеге сәйкес Соттың юрисдикциясы бар екені айқын, сондай-ақ талап сомасын ескере отырып, оны қарауға тиісті орган – Шағын талаптар соты болып табылады.
4. Жауапкерлер 2024 жылғы 25 желтоқсанға дейін талапқа қарсылық (жауап) беруге міндетті болған. Алайда олар белгіленген мерзімде де, кейін де мұндай жауап ұсынбаған. Құжаттардың тиісінше табысталмағанын болжауға негіз жоқ.
5. Талап арыз нысанын және бухгалтерлік құжаттарды қарастыра отырып, Сот Жауапкерлер тарапынан қандай да бір қарсылықтар болмаған жағдайда талап негізді деген қорытындыға келеді.
6. Сот Талап қоюшының талаптарын қанағаттандырады, атап айтқанда: Шарттың тоқтатылғанын таниды және 1 352 197 теңге мөлшерінде залалды өндіріп алуды тағайындайды.
7. Сот шығындары мәселесіне қатысты, АХҚО Соты қағидаларының 26.9-тармағына сәйкес:

«Шағын талаптар соты (СМТ) тараптардың біріне екінші тараптың шығындарын, алымдарын және өзге де шығыстарын, оның ішінде апелляцияға байланысты шығыстарды төлеуді міндеттей алмайды, мына жағдайларды қоспағанда:

 - (1) СМТ орынды деп санайтын сот шығындарының бір бөлігін;
 - (2) СМТ жеңілдетілген тәртіппен бағалай алатын және негізсіз әрекет еткен тарап төлеуге тиіс қосымша шығындарды».
8. Талап қоюшы Жауапкерлердің осы іс жүргізу барысында негізсіз әрекет еткенін дәлелдейтін немесе түсіндіретін қандай да бір уәждер келтірмеген. Осыған байланысты Сот 26.9-тармақтың (2)



тармақшасы қолданылмайды деген қорытындыға келеді. Сот алымы болмағандықтан, (1) тармақшасы да қолдануға жатпайды.

Сот қабылдады,

Лорд Баннер КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшы Алматы қаласы, Қазақстан, «Алматы қаласының жеке практикамен айналысатын заң консультанттарының орталығы» заң консультанттары палатасының заңгері Артур Ешпанов мырзамен өкілдік етті.

Жауапкерлер өкілдік етілмеді.